

## **Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2013 жылғы 5 наурыздағы № 28 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 15 қарашадағы № 149 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) 8-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне №2 қосымшаның 8-тармағына сәйкес, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 294 шешімімен бекітілген Кеден одағының кедендік аумағына Кеден одағы шеңберінде міндетті талаптар белгіленетін өнімдерді (тауарларды) әкелу тәртібі туралы ереженің 2-тармағының "в" тармақшасын іске асыру мақсатында, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының Кедендік декларацияны беру "Балалар мен жасөспірімдерге арналған өнімнің қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 007/2011)" Кеден одағы техникалық регламентінің талаптарына сәйкестікті бағалау (растау) туралы құжатты ұсынумен бірге жүретін өнімдердің (бұйымдардың) тізбесін бекіту туралы" 2013 жылғы 5 наурыздағы № 28 шешіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Т. Сарқиян*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2016 жылғы 15 қарашадағы  
№ 149 шешіміне  
ҚОСЫМША

## **Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2013 жылғы 5 наурыздағы № 28 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР**

1. Атауындағы "(растау)" деген сөз алып тасталсын.

2. Кіріспедегі "2011 жылғы 18 қарашадағы Еуразиялық экономикалық комиссия туралы шарттың 3-бабына" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) 8-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 294

шешімімен бекітілген Кеден одағының кедендік аумағына Кеден одағы шеңберінде міндетті талаптар белгіленетін өнімдерді (тауарларды) әкелу тәртібі туралы ереженің 2-тармағының "в" тармақшасын іске асыру мақсатында," деген сөздермен ауыстырылсын

3. 1-тармақтағы "(растау)" деген сөз алып тасталсын.

4. Көрсетілген Шешіммен бекітілген "Балалар мен жасөспірімдерге арналған өнімнің қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 007/2011)" Кеден одағы техникалық регламентінің талаптарына сәйкестікті бағалау (растау) туралы құжатты ұсынумен бірге жүретін өнімдердің (бұйымдардың) тізбесінде:

а) атауындағы "(растау)" деген сөз алып тасталсын;

б) кестенің басында:

2-бағандағы "КО СЭҚ ТН" деген сөздер "ЕАЭО СЭҚ ТН" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-бағандағы "(растау)" деген сөз алып тасталсын;

в) 2-бағанда 1-позициядағы "3926 90 970 9-дан" деген сөздер "3926 90 970 7-ден" деген сөздермен ауыстырылсын;

г) 2-позицияда:

1-бағанда үшінші абзацтағы ", үстелше" деген сөз алып тасталсын;

2-бағандағы "3924 90 000 0-ден" деген сөздер "3924 90 000 1-ден 3924 90 000 9-дан" деген сөздермен ауыстырылсын;

д) 2-бағанда 3-позициядағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"3924 90 000-ден 3926 90 970 7-ден 9603 29-дан 9603 30 900 0-ден 9605 00 000 0-ден 9615-тен";

е) 1-бағанда 5-позициядағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Құрамында гель құрағыш ылғал сіңіргіш материалдары бар көп қабатты бұйымдар, – жергөктер, түзкіімдер және жаялықтар;

гигиеналық мақталы таяқшалар (мұрын мен құлаққа арналған);

балалар күтіміне арналған бір рет пайдаланылатын басқа да санитариялық-гигиеналық бұйымдар";

ж) 2-бағанда 7-позициядағы "3926 90 970 9-дан 3924 90 000 0-ден деген сөздер " 3924 90 9009-дан 3926 90 970 7-ден деген сөздермен ауыстырылсын;

з) 2-бағанда 19 және 20-позициялардағы "4203-тен" деген сөздер алып тасталсын;

и) 2-бағанда 34-позициядағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"6213-тен 6214-тен 6301-ден 6302-ден 6304-тен"

к) 2-бағанда 41-позициядағы "4421 90-нан" деген сөздер алып тасталсын;

л) ескертпедегі "КО СЭҚ ТН" деген сөздер "ЕАЭО СЭҚ ТН" деген сөздермен ауыстырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК